







«Бастауыш сыныптарды оқытуда Online Test Pad, Quizlet ойындар мен тесттер жасау қызметтерінің қолдану тиімділігі» воркшоптың ақпараты

6 қаңтар күні қалалық Білім бөлімінің «Педагогтердің АКТ құзыреттілігін жоғарылату» жобасының жұмыс жоспары бойынша «Михаил Русаков атындағы мектеп-интернаты» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі Білэл Наздана Жаңабекқызы Zoom сервисі арқылы қала мұғалімдеріне «Бастауыш сыныптарды оқытуда Online Test Pad, Quizlet ойындар мен тесттер жасау қызметтерінің қолдану тиімділігі» тақырыбында воркшоп ұйымдастырып өткізді. Мақсаты: Оқушыларға білім беру жағдайында білім беру платформаларының мүмкіншілігін пайдалана отырып, педагогтердің АКТ құзыреттіліктерін дамыту. Воркшоп барысында Наздана Жаңабекқызы Online Test Pad, Quizlet платформаларының тиімділігі мен ерекшеліктеріне тоқталды. Білім беру жүйесінде платформалардың рөлі қазіргі таңда өте жоғары, себебі түрлі платформалар мен сервистер арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз бірігіп жұмыс істей алады, білімдерін онлайн жалғастыруға, ақпараттар арқылы өздерінің білімдерін шыңдауға зор мүмкіндік алатыны туралы айтылды. Воркшоп соңында мұғалімдер кері байланыс жасап, сұрақтар қойылып, жауап қайтарылды.

6 января учитель начальных классов КГУ «Школа-интернат имени Михаила Русакова» Білэл Наздана Жанабековна согласно плану проекта городского отдела образования «Повышение ИКТ-компетентности педагогов» провела воркшоп для учителей на тему «Эффективность использования игровых и тестовых сервисов Online Test Pad, игр Quizlet в обучении учащихся начальной школы». Цель: Развивать ИКТ-компетенции учителей, используя возможности образовательных платформ в контексте обучения учащихся. В ходе семинара Наздана Жанабековна акцентировала внимание на эффективности и возможностях платформ Online Test Pad и Quizlet. Было отмечено, что роль платформ в системе образования в настоящее время очень высока, потому что благодаря различным платформам и сервисам наши преподаватели и учащиеся могут работать вместе, продолжать свое образование онлайн, а также получить прекрасную возможность улучшить свои знания через получение информации. По окончании семинара учителя дали обратную связь, были заданы вопросы и получены ответы.



Zoom Конференция

Балқаш қ. ЖББ...

Online Test Pad өз қолыңызбен нәтижелерді есептеу үшін кез келген логикамен кез келген күрделіліктегі тесттарды тегін жасауды ұсынады.

Пайдаланушыдан арнайы білім талап етілмейді, өйткені тапсырма құрастырушының анық интерфейсі бар және сіз тесттарды жасаған кезде арнайы кеңестер мен көмек көрсетіліп отырады.

Мүмкіндіктері кең, ол тесттерді жазуға, тесттерді тапсыруға және нәтижелерді өңдеуге кез келген дерлік қажеттілікті жүзеге асыруға болады.

